

**Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің
«№14 негізгі орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ораз ата ауылы

17 маусым 2024 жыл

ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы негізінде мектеп директорының 2024 жылы 13 маусым күнгі № 62-н/қ бұйрығымен ағымдағы жылдың 13 – 19 маусым күндері аралығында Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің «№14 негізгі орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау жүргізілді. Өзін-өзі бағалау мектептің 2024 жылғы 13 маусым күнгі №62-н/қ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

- | | |
|---------------------|---|
| 1. М.Ж.Кыдырбаева | мектеп директоры, комиссия төрайымы |
| 2. Н.Ж.Конкаков | төрайым орынбасары, директор орынбасары |
| 3. Ж.Т.Абдуалиев | комиссия мүшесі, директор орынбасары |
| 4. Г.А.Абдушакирова | комиссия мүшесі, мектеп мұғалімі, бастауыш сыныптар
ӘБ жетекшісі |
| 5. Г.Н.Казбаева | комиссия мүшесі, мектеп мұғалімі ӘБ жетекшісі |
| 6. А.Н.Әбдіғаппаров | комиссия мүшесі, педагог-психолог |
| 7. А.Б.Мадиебова | комиссия мүшесі, Бастауыш кәсіподақ ұйымының
төрайымы |

Комиссиямен Бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

1) Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):

Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің «№14 негізгі орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Индекс 160906, Түркістан облысы, Келес ауданы, Біртілек ауылдық округі, Ораз ата ауылы, Ж.Батырбеков көшесі №3

2) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт): +7 702 6169595, mirash71@mail.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Кыдырбаева Мариямгуль

Жарылгасыновна, Түркістан облысы, Келес ауданы білім беру бөліміне қарасты «№14 негізгі орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің 21.01.2021 жылғы №46-ж/қ бұйрығымен «№14 негізгі орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде барлық құжаттарға бірінші қол қою құқығымен директор лауазымына бекітілген. Білімі жоғары, біліктілік санаты педагог - зерттеуші.

Педагогикалық еңбек өтілі 28 жыл, директор лауазымында еңбек өтілі 18 жыл

БСН - 030340004533.

Кәсіпорынның қатысушысы: «Түркістан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Кәсіпорынның уәкілетті органы – Түркістан облысының білім басқармасы болып табылады.

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны

туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

Білім беруге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы Түркістан облысының Білім басқармасының сапаны қамтамасыз ету департаментінің 28.04.2021 жылғы №89 бұйрығы № KZ11LAA00029976 лицензиясы Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің №14 негізгі орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне берілген. Мемлекеттік лицензияға қосымша 001–бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) берілген. Алғашқы берілген күні: 22.10.2009 жыл. Ол «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтермен расталады.

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы мәліметтер
Мектеп тарихы.

Келес ауданы, Біртілек ауыл округі, Димитров ауылы, Амангелді елді мекенінде орналасқан «№14 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іргетасы Кеңес Үкіметі кезеңінде №48 Орджоникидзе атындағы бастауыш мектеп болып ашылған. Бұл білім ордасы өз егемендігін алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Келес ауданы әкімінің 05.02.1993 жылғы №32 шешіміне байланысты №48 А.Иманов атындағы бастауыш мектебі болып өзгертілді. 1999 жылы №124 А.Иманов атындағы бастауыш мектебі болып ауысты.

2005 жылдан бастап №124 бастауыш мектебі №48 негізгі мектеп болып қайта құрылды. Сарыағаш ауданы әкімдігінің №258 02.03.2009 жылғы қаулысы бойынша №48 негізгі мектебі №124 негізгі орта мектебі болып өзгертілді. Келес ауданы әкімдігінің 03.05.2019 жылғы №139 қаулысымен бекітілген 4-қосымшаға сәйкес №14 негізгі орта білім беретін мектебі болып өзгертілді.

Өз тарихында мектепті 1971-2003 жж Әміртай Мәдібеков, 1999-2005 жж Қызболды Ермишова, 2005 жылдан бастап қазіргі таңда Қыдырбаева Мариямгуль Жарылгасынова басқаруда. Мектепте әр жылдары қазіргі кезде аты елге елеулі еңбегі Мемлекет тарапынан бағаланған өте көптеген азаматтар бітіріп шықты.

Мектеп ғимараты 2005 жылы тамыз айынан бастап 140 орындық 9 жылдық мектеп болып пайдалануға берілді. Мектептің жалпы жер көлемі 292 кв/м. Мектептегі барлық қызметкерлер саны 41. Оның ішінде мұғалімдер саны 32, кіші қызметкерлер саны 11, мектепте жалпы оқушылар саны 1-9 сыныптарды-247 оқушы, мектеп алды дайындық сыныбын қоса алғанда 256 оқушы білім алуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары.

1) Кадрлық құрамға талдау

2023-2024 оқу жылында " Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бар жоғары білімді 1 педагог білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырды.

- 1) Тәрбиеші Есенбекова Асима – білімі жоғары, бітірген оқу орны Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар Достығы университеті, 19.05.2014ж, ЖБ-Б №0673812 тіркеу нөмірі №1378, педагогикалық еңбек өтілі- 5 жыл

2) Тәрбиеленушілер контингенті

Балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, мектепалды даярлық сыныптарына 9 тәрбиеленуші қабылданып (ата-ана өтінішімен) тізімі 31.08.2023 ж. мектеп директорымен бекітілді. Барлығы 5 жасқа толған. Тәрбиеленушілердің тізімі ҰББДҚ-на енгізілген, барлығы сәйкес келеді.

Жас кезеңдері ескерілген мектепалды даярлық сыныптарының тізімдерінің көшірмелері ұсынылды. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына сәйкес мектепалды даярлық сыныбы 5 жастағы балалар) тәрбиеленушінің толық жасын ескере отырып ағымдағы жылы 1-31 тамыз аралығында 9 баладан артық емес 1 топ жасақталды.

Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымша мектептің веб.сайтына орналастырылған Мектепалды даярлық топтары толықтырылуының

сәйкестігі (топтар бөлінісінде) – 100%.

Мектепалды даярлық сыныбында ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілер және инклюзивті сыныптарға 2023-2024 оқу жылында /ПМПК/ негізінде арнайы сыныпқа бала қабылданған жоқ.

Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар: Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау. Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар басшылыққа алынды.

«Денсаулық сақтау дағдылары» бойынша гигиеналық талаптарды орындай алады. Денешынықтыру барысында негізгі қимыл әрекеттерді өздігінен орындау, дербес қимыл белсенділігі жоғары тәрбиеленушілердің саны басым болып топтық жұмыстарда белсенділік танытады. Салауатты өмір салтын ұстану барысында негізгі қауіпсіздік қағидаттарын саналы түрде орындайды. Күн тәртібін сақтайды.

«Коммуникативтік-тілдік дағдылар» бойынша тәрбиеленушілер қоғамдық ортада тәртіп ережелерін сақтап, сөйлесу барысында қарым- қатынас жасай алады, сыни тұрғыда өз пікірлерін жеткізетін және сөйлеу мәдениетін сақтап, сөздік қорларындағы сөздерді синонимдік, антонимдік алмастыруларды қолданады. Грамматикалық дұрыс сөйлеуге талпынады. Басым көпшілігі дұрыс мәдени сөйлей алады. Оқиғаларды құрастыру, кейіпкерлердің бейнелеу және олардың жағымды жағымсыз әрекеті туралы өз ойларын жеткізуі, ұйқас құрастыру мен кітаптарға қызығушылықтары, кейбір тәрбиеленушілерде кітапты оқи алатын дағдылары қалыптасқан. Сызу, сызба жолмен жазу, әріптерді жазу үлгісін меңгерген.

«Танымдық дағдылар» тәрбиеленушілердің заттың қасиеттерін бағдарлау барысында танып, түсінеді. Заттарды айырып қолданысын біледі. Қоршаған ортаны тану барысында олардың айырмашылықтарымен ұқсастықтарын, қажеттілігін, олардың мәніне қарай топтастыру, құрастыру барысында түрлі суреттермен құрастыру жұмыстарын меңгерген, танымдық қызығушылықтары жоғары. қарапайым грамматикалық фигураларды атай алады, сызу, суреттеу олардың басқа, кері және алға санауды меңгерген. Экологиялық мәдениеті түсіну барысында өсімдіктерге күтім жасау және табиғат бұрыштарына көіек беру мен күтуді игерген. Қарапайым заттарға эксперимент жасауды біледі. Алынға жаңа ақпараттармен бөлесө алады.

«Шығармашылық дағдылар» халықтық аспаптарға қызығушылықтары бар, билеу мен ән орындауға талпынатын, орындай алады, бейненің сипатын келтіре алатын, кейіпкерлерді ойнауда ұнататын, сәндік пен әсемдікке қызығатын оларды жасау мен жинақылық, тазалықты мән береді.

«Әлеуметтік дағдылар» қажетті жағдайда көмек сұрау, қол ұзын созып көмек бергенге алғыс айтуды біледі. Ересектер мен құрдастары қатар еңбек етуге, ортақ мақсатта жұмыс жасап, нәтижесін талдауға бейімделген. Отанын сүйіп құрметтеу, туған жерін қадірлеуді біледі. Үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерінің сақталуын белгілеу мақсатында тәрбиеленушілер контингентінің тізімдері тексерілді және ҰББДҚ - нан алынған мәліметтермен салыстырылып, сәйкестігі анықталды. Мектепте метепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерінің сақталғаны анықталды.

3) Оқу әдістемелік жұмыс

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. (Мектептің әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметін бөлудің көшірмелері ұсынылды). Оған дәлел: 2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығы 3 - қосымша; Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары; Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2021 жылы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық талаптар» қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ -76 бұйрығын басшылыққа ала отырып оқу жоспары жасалынды.

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары (5 жастағы балалар). 2023-2024 оқу жылы

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі**	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат

Мектепалды даярлық сыныптарындағы апталық оқу жүктемесінің көлемі

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар: 1) Тәрбиеленушілердің МДО ҰОЖ-да белгіленген оқу жүктемесінің Жоғары көлеміне сәйкестігі және қойылатын талаптарды сақтау; МАДС-тағы тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің жоғары көлемі ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес белгіленген.

Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтау. Мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу жүктемесінің көлемі 2) Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтау. Оқу жұмыс жоспарындағы сағаттар 2023-2024 оқу жылында оқу іс-әрекеттерінің кестесінде толық көрсетілген.

2023-2024 оқу жылында «Бастапқы кезеңде» МАДС жүргізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша біліктер мен дағдылардың даму нәтижесінде «Физикалық қасиеттерді дамыту» 1-деңгейде 77.7%, 2-деңгейде 22.3% бала; «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» 1-деңгейде 77.2%, 2-деңгейде 22.3% бала, 3-деңгейдің 40% бала; «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» 1-деңгейде 77.2%, 2-деңгейде 22.3%; «Шығармашылық дағдыларын

зерттеу ісәрекетін дамыту» 1-деңгейде 77.2%, 2- деңгейде 22.3% бала; «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» 1-деңгейде 77.7%, 2-деңгейде 22.3% 33% бала.

Оқу жылы сыныптар /жиынтық сыныптар мектепалды даярлық сыныптары:

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар: 1) Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы өлшем шарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі); Жас кезеңін сақтау және топтарды бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау МАДС – та 2023-2024 оқу жылында 9 оқушы оқыды. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы 3-қосымшаға сәйкес жас топтарының көшірмелері қоса беріледі. Өлшемшарттың 3 қосымшасына сәйкес 2023-2024 оқу жылы жас топтардың тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді. 2) Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДО үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерін сақтау. МАДС-ға 5-6 жастағы балаларды қабылдау "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына сәйкес ата-аналардың өтініштері және бұйрық шығару (бұйрық тардың көшірмелері қоса беріледі) негізінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепалды сыныптарында оқу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылды (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру кезеңі).

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының 20, 21-тармағына сәйкес келеді. "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын оларды әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау жолымен іске асыру. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдыларымен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді. Педагогтар ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді балалардың жастарын, педагогтың тақырыптық бағытын ескере отырып шығармашылық құзіреттілік танытады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарлайды. Педагогтарды дамыту үшін ұйымдастырылған оқу қызметінде саралау әдістері, бақылау түрлері, кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық-жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері тиімді болады және оны жүзеге асыру мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа аламыз. Тәжірибенің ұтымды жақтары ең басты баланы танып дамытуға, алдына нақты мақсат қойып, ойын түрлерін қолданғанда ғана жүзеге асырылады. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі ісәрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.

2023-2024 оқу жылында білім деңгейінің және білім беру салаларының аралық бақылау мониторингі бойынша баланың жеке даму картасы жасалды. Онда «Физикалық қасиеттері», «Коммуникативтік дағдылар», «Танымдық және зияткерлік дағдылар», «Шығармашылық дағдыларының зерттеу іс-әрекетінің дамуы», «Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» құзыреттіліктерге сәйкес аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары жүргізілді. Жүргізілген іс-шараның нәтижесінде өсу деңгейі байқалды. Мектепалды даярлық сыныптардың перспективалық жоспарлары бар. Өз шеберліктеріне қарай жасалған. Тәрбиеленушілердің түрлі конкурстарға қатысу нәтижелері бар. (сілтемеге жүктелді). Мектепалды сыныпта өз қызметін 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізуде және оқу жылы бойына ішкі тәртіп ережелеріне сай каникулдар белгіленді.

Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары

2)Кадрлық құрамға талдау

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер:

«№14 негізгі орта білім беретін мектеп» КММ бағалау кезеңінде біліктілік талаптарына сәйкес педагогикалық кадрлармен жасақталған. Бүгінгі таңда мектепте 33 мұғалім бар. Оның ішінде 33 мұғалім жоғары білімді. Қазіргі уақытта мектепте 2 магистр бар. Әдістемелік ұсынымдарға 7 қосымша №12 бұйрық және білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне 1-қосымша №473 бұйрық мектептің веб сайтында орналастырылған.

Кезең	Барлық мұғалім	Жоғары білімі барлар	Магистрлер
2023-2024	33	33	2

Мектеп әкімшілігі жұмысының негізгі бағыты кадрлық құрамын нығайту қызметі болып табылады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы мен мектеп Жарғысы негізінде мұғалімдер ұжымының құрамын білім беру ұйымының басшысы қалыптастырады, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Соңғы жылдары мектепке жаңадан қабылданған мұғалімдердің барлығымен еңбек шарты жасалған. Мектептің педагогикалық кадрлық құрамының саны қажеттілікке байланысты анықталды.

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі:

Кезең	1-4 сыныптар			5-9 сыныптар		
	Мұғалімдер саны	Жоғары біліммен	Арнаулы орта біліммен	Мұғалімдер саны	Жоғары біліммен	Арнаулы орта біліммен
2023-2024	8	8	0	25	25	0

2023-2024 оқу жылында педагог қызметкерлерінің білім деңгейі жоғары білімді мұғалімдер саны көп болуына байланысты тұрақты деңгейді көрсетеді, жоғары білімді мамандар бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі - 100 %, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің өз бейіні бойынша үлесі - 100 % құрайды.

Мектепте жалпы педагог саны - 33, педагог-шебер-0, педагог-зерттеуші-6, педагог - сарапшы -7, педагог модератор-8. Педагог-зерттеуші мұғалім – 6 (18%), педагог-сарапшы мұғалім – 7 (21%), педагог-модератор мұғалім – 8 (24%).

Педагог қызметкерлерді аттестаттау – педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім. Педагогтарды аттестаттаудың міндеті - педагогтың кәсіби деңгейіне сәйкес біліктілік санатын беру.

2023-2024 оқу жылында перспективті жоспарға сәйкес сәуір - мамыр айларында «педагог-зерттеушіге» – 3 мұғалім, «педагог – сарапшыға» – 5 мұғалім, «педагог-модераторға» – 4 мұғалім санаттан өтуге өтініш берді.

2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің сапалық құрамы. «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» үлесі - (39%). Мектепте жалпы - 33 педагог жұмыс жасайды, декреттік демалыста отырған педагог қызметкерлер – 0.

Мектеп басшысының және орынбасарларының аттестаттаудан өткендігі туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Атқаратын лауазымы	Лауазымдық еңбек өтілі	Біліктілік санаты
1	Қыдырбаева Мариямгуль Жарылгасыновна	Директор	18	Басшы-көшбасшы
2	Конкаков Нурбол Жаппаралиевич	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	6	Үшінші санатты басшының орынбасары
3	Абдуалиев Жанибек Турманович	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	12	Үшінші санатты басшының орынбасары

Мектеп әкімшілігінің оның ішінде басшы мен орынбасарларының үш жылда бір реттен сиретпей курстан өткен үлесі – 100%.

3)Білім алушылар контингенті

Оқу жылының басында 16 сынып комплектісі, оның ішінде 247 оқушы құрады. 1-4 сынып аралығында 112 оқушы, 5-9 сынып аралығында 135 оқушы.

Сабақ режимі білім алушылардың оқу жүктемесі 2023 жылдың 31 тамыздағы №1 пед.кеңестің шешімімен бекітіліп, мектеп мына режиммен жұмыс істеп келеді:

- ❖ ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес оқу сабақтарының аусымдығын ескере отырып, мектеп әкімшілігі қызметкерлердің жұмыс уақыты режимі мен оқушылардың сабақ режимін белгіледі.
- ❖ сабақ режимі екі ауысымдық. Бұйрыққа сәйкес оқу кабинеттері мен ауысымдар бойынша сыныптар бөлінді. I ауысымда – 116 оқушы, 8 сынып, II ауысымда -135 оқушы, 8 сынып;
- ❖ 1-9 сыныптар оқушылары үшін 5 күндік оқу аптасы;
- ❖ Сабақтың ұзақтығы 45 минут. I ауысым – оқу сабақтары 8:00-де, II ауысым – оқу сабақтары – 14.00-де басталады.
- ❖ Апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады.
- ❖ Мектепалды сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 33 аптаны, 1 сыныптарда – 33 апта, 2-9 сыныптарда – 34 аптаны құрады.

4)Оқу әдістемелік жұмыс

Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақтар кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) (өткен 2 оқу жылын қоса алғанда)

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына, Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына жыл сайынғы енгізілген өзгертулерге сәйкес жасалған мектептің жылдық оқу жоспарларына қысқаша талдау.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2023 жылғы 18-тамызда №264 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8- қарашадағы №500 бұйрығына 1- қосымша, **5-9 сыныптар үшін** ҚР Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы 6-қосымша.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны							Жалпы жүктеме, сағат	
		1а	1ә	2а	2ә	3а	3ә	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент										
I	Тіл және әдебиет	6	6	9	9	11	11	11/4	63/4	2142/136
1	Әліппе, Ана тілі	6	6	-	-	-	-	-	12	408
2	Қазақ тілі	-	-	4	4	4	4	4	20	680
3	Әдебиеттік оқу	-	-	3	3	3	3	3	15	510
4	Орыс тілі (Я2)	-	-	2	2	2	2	2/2	10/2	340/68
5	Шетел тілі	-	-	-	-	2	2	2/2	6/2	204/68
II	Математика және информатика	4,5	4,5	5	5	6	6	6/1	37/1	1258/34
6	Математика	4	4	4	4	5	5	5	31	1054
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	0,5	1	1	1	1	1/1	6/1	204/34
III	Жаратылыстану	1	1	1	1	2	2	2	10	340
8	Жаратылыстану	1	1	1	1	2	2	2	10	340
IV	Адам және қоғам	1	1	1	1	1	1	1	7	238
9	Дүниетану	1	1	1	1	1	1	1	7	238
V	Технология және өнер	3	3	3	3	2	2	2	18	612
10	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	7	238
11	Көркем еңбек	-	-	-	-	1	1	1	3	102
12	Еңбекке баулу	1	1	1	1	-	-	-	4	136
13	Бейнелеу өнері	1	1	1	1	-	-	-	4	136

VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	21	714
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	21	714
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	18,5	22	22	25	25	25/5	156/5	5304/170
Вариативтік компонент										
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	1	2	2	1	1	1	9	306
Қызықты математика		1	1	1	1	1	1	1	7	238
Шебер қолдар		-	-	1	1	-	-	-	2	68
Вариативтік оқу жүктемесі		1	1	2	2	1	1	1	9	306
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		19,5	19,5	24	24	26	26	26/5	165/5	5610/170

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны									Жалпы жүктеме, сағат	
		5а	5ә	6а	6ә	7	8а	8ә	9а	9ә	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент												
I	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11/6	11	11	11	11	99/6	3366/204
1	Қазақ тілі	3	3	3	3	3	2	2	2	2	23	782
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	3	3	3	3	22	748
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3/3	3	3	3	3	27/3	918/102
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3/3	3	3	3	3	27/3	918/102
II	Математика және информатика	6	6	6	6	6/1	6	6	6	6	54/1	1836/34
5	Математика	5	5	5	-	-	-	-	-	-	15	510
6	Алгебра	-	-	-	3	3	3	3	3	3	18	612
7	Геометрия	-	-	-	2	2	2	2	2	2	12	408
8	Информатика	1	1	1	1	1/1	1	1	1	1	9/1	306/34
III	Жаратылыстану	2	2	2	2	7	8	8	8	8	47	1598
9	Жаратылыстану	2	2	2	2	-	-	-	-	-	8	272
10	Физика	-	-	-	-	2	2	2	2	2	10	340
11	Химия	-	-	-	-	1	2	2	2	2	9	306
12	Биология	-	-	-	-	2	2	2	2	2	10	340
13	География	-	-	-	-	2	2	2	2	2	10	340
IV	Адам және қоғам	3	3	3	3	3	3	3	4	4	29	986
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	2	2	2	2	18	612
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	9	306
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	-	-	-	1	1	2	68
V	Технология және өнер	3/2	3/2	3/2	3/2	1/1	1/1	1/1	1/1	1/1	17/13	578/442
17	Музыка	1	1	1	1	-	-	-	-	-	4	136
18	Көркем еңбек	2/2	2/2	2/2	2/2	1/1	1/1	1/1	1/1	1/1	13/13	442/442
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	3	3	27	918
29	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	3	3	27	918
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	28	28	31	32	32	33	33	273/20	9282/680
Вариативтік компонент												
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	5,5	187
Элективті курстар		-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Вариативті оқу жүктемесі		0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	5,5	187
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		28,5	28,5	28,5	28,5	31,5	32,5	32,5	34	34	278,5/20	9469/680

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

«№14 негізгі орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен жоспары негізінде 2023-2024 оқу жылы барысында жұмыстар атқарылды.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫҒАН ЖЕКЕ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕЙ ОТЫРЫП, КӨШБАСШЫЛЫҚҚА БАУЛУ» КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің

келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- ✓ баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- ✓ баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- ✓ баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады. 6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдеби мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Сакқұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірім тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар

әзірлеу;

➤ жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

➤ «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

➤ жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

➤ ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

➤ ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

➤ отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

➤ адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

- Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;

- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

- Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

- Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- ❖ Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

- ❖ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

- ❖ Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

- ❖ Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі; Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі; Қазақстан халқы Ассамблеясы
- ❖ Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген кешенді тәрбие бағдарламасы негізінде оқу жылы барысында айлар бойынша төмендегі жұмыстар атқарылды:

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 ж

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»
- 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

- Қысқы демалыс

АҚПАҢ – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

- 12 сәуір - Ғылым күні

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және апаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізілді:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 11) Білім алушыларды тәрбиелеуде құндылыққа бағытталған тәсілді жүзеге асыру бағдарламасы. Бағдарлама. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021.
- 12) оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатқа байланысты тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2023-2024 оқу жылдарында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының көрсетілген мерейтойлық күнтізбелік бойынша аталып өтілетін мерейтойлық даталар мен мерейтойлар ескеріліп жоспарларға енді. 2023-2024 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар бойынша жұмыстар атқаруда :

1. «Оқуға құштар мектеп»;
2. «Отбасы – орта мектеп»;
3. «Дәстүр мен ғұрып»;
4. «Еңбек – елдің мұраты»;
5. «Үнем – қоғам қуаты»;
6. «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
7. «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
8. «Мектеп өмірінің бір күні»;
9. «Дебат» қозғалысы; Оқушылардың «Өзін-өзі басқару-"Мектеп Парламенті" мен "Жас Ұлан" » ұйымдары;
- 10.«Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
11. «Театр сабақтары» жобасы.

Жылдық жоспарға сәйкес мерекелік, атаулы даталар жылдық жоспарда көрсетілген:

- ✓ Білім күні;
- ✓ Денсаулық күні;
- ✓ Тілдер мерекесі;
- ✓ Қарттар күні;
- ✓ Ұстаздар мерекесі;
- ✓ 1-желтоқсан Дүниежүзілік ЖҚТБ/АИТВ-ге қарсы күрес күні
- ✓ 1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күні;
- ✓ 16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні;
- ✓ 15 ақпан-Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен қайтарылған күні;
- ✓ 1 наурыз-Алғыс айту күні
- ✓ 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні;
- ✓ 22 наурыз-Наурыз мерекесі;
- ✓ 7 сәуір-Дүниежүзілік Денсаулық күні;
- ✓ 7 мамыр-ҚР Қарулы күштер күні;
- ✓ 9 мамыр-Жеңіс күні;
- ✓ 25 мамыр-Соңғы қоңырау

Тәрбие жұмысы Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП бағыты бойынша : 2023-2024 оқу жылдарында төменгі жұмыс түрлері арқылы іске асырылды:

- Сынып сағаттар;
- Кездесулер
- Дөңгелек үстелдер;
- Акциялар;
- Байқаулар;

- Форумдар;
- Челленджердер;
- Сайыстар;
- Эссе жазу;
- Әскери-патриоттық сайыстар
- Дебат ойындар
- Мұражайларға саяхат жасау т.б.

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысына байланысты педагогикалық және директор жанындағы кеңестерде төменгі мәселелер қарастырылды:

1. ҚР «Тіл туралы» Заңының орындалуы;
2. Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстарының жағдайы;
3. №14 негізгі орта білім беретін мектебінде құқықбұзушылықтардың алдын алу кеңесінің құрамын бекіту туралы;
4. Жалпы құқықтық білім беру;
5. № 14 негізгі орта білім беретін мектебінде мектеп жанындағы сауықтыру алаңының жұмысы;
6. «Наурыз – жыл басы» мерекесін өткізу туралы;
7. Оқушылардың сабаққа қатысу;
8. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларының жүргізілуі;
9. Оқу – тәрбие үрдісіндегі сынып жетекшінің міндеттері туралы;
10. Мектеп бойынша кезекшілік ұйымдастыру туралы;
11. «1-қыркүйек Білім күнін ұйымдастыру және өткізу туралы»;
12. Оқу жылының аяқталуына байланысты «Соңғы қоңырау» мерекесін өткізу туралы;
13. Мектептегі салауаттылық және дене тәрбиесі бағытының жұмыс барысы.

Дене шынықтыру пәнінің берілуі.

14. Аз қамтылған жанұядан шыққан балаларға көмек беру туралы;
15. Тәрбие, сынып сағаттарының өтілу сапасын тексеру қорытындысы.
16. ҚР «Бала құқығын қорғау» Заңының орындалуы;
17. «Қиын» балалармен жұмыс;
18. «Жасыл шырша» мерекесіне дайындық жұмыстарының жүргізілу және оқушылардың қықы демалысына әзірлік;
19. Мектептегі үйірме жұмысы барысы;

1. Оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу барысында төмендегі жұмыстар атқарылды:

Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Патриоттық тәрбие бойынша дәстүрлі іс-шаралар жыл сайын өткізіледі:

Білім күніне орай Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқаулық және Білім және ғылым министрлігінің арнайы хатының негізінде патриоттық тақырыпта жыл сайын салтанатты жиын және тәрбие сағаттар өткізіледі;

2023-2024 оқу жылы «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиын ұйымдастырылып, тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектебімізде «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы құрылған "Адал Ұрпақ" ерікті мектеп клубы құрылды, мектепшілік ережесі бекітілді мектепшілік жоспар жасалынды.

Мақсаты: Рухани адамгершілік және азаматтық патриоттыққа тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту. Оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтықсыз қалыптастыру.

"Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубы төмендегі бағытта секциялар арқылы жұмыс жүргізілуі қамтамасыз етіледі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық;
3. Мәдени-бұқаралық, көпшілік іс-шаралар

Патриоттық тәрбие бойынша атқарылған іс-шаралар:

1. "Мемлекеттік рәміздер-еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар" тәрбие сағаттары
2. «Тәуелсіз Қазақстан» тәуелсіздік күніне орай апталық іс-шаралар
3. «Мәңгілік ел» тақырыбында
4. Суреттер байқауы 1-4 сынып
5. Қабырға газеттері байқауы 5-8 сынып
6. Эссе жазу 9 сынып «Елімнің ертеңі болар ұлдар» атты пікірталас 7-8 сыныптар ұлдары
7. «Ерлік жыры – елдіктің ескерткіші» салтанатты жиын өткізілді.
10. «Тәуелсіздік қорғаны – Конституция»

11. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім!» тақырыбында салтанатты жиын.
12. «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында сурет байқауы
13. «Тәуелсіздік – баға жетпес байлығым» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізу.
15. «Біз елдің ертеңі!» «Жас Ұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау
17. «Жастарды патриотизмге арнайы тәрбиелеу қажет па?» тақырыбында «Ашық Ой» дебат клубының алаңы.
18. 12 әуір – ғарыш күніне орай
19. «Мен ғарышкер боламын» тақырыбында сурет байқауы
20. «Байқоңыр – ғарыш айлағы» тақырыбы аясында тәрбие сағаттары.
21. «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» мерекесіне орай және 9 мамыр - Ұлы Жеңіс күніне орай мерекелеуге арналған тәрбие сағаттары мен «Ұранды ердің - ұрпағы қайсар» салтанатты жиын.

Психологиялық жұмыстар

«№14 негізгі орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырылған психологиялық қызметтің басты мақсаты – дамудың және оқу-тәрбие процесінің әлеуметтік жағдайын ғылыми психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіндегі барлық қатысушылардың денсаулығын сақтауға арналған психологиялық жағдайларды қамтамасыз ете алатын, тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің осы күнгі психологиялық-педагогикалық теориялары негізінде осы процесті ұйымдастыру мен құру және жүргізу. Мақсатты іске асыру барысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылдың 16 қыркүйегінде бекіткен №472 бұйрығы негізінде мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет жоспар жасалынып, лауазымдық міндеттер мен істер номенклатурасы бекітілді.

Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет Білім және ғылым министрі бекіткен бес бағытты қамтыды:

- Психодиагностикалық бағыттар;
- Консультациялық бағыттар;
- Ағартушылық-профилактикалық бағыттар;
- Түзету дамытушылық бағыттар;
- Әлеуметтік диспетчерлік бағыттар.

Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет бойынша 1-9 сынып оқушылары толықтай қамтылып, жүргізілген бағытқа және қажеттілігіне қарай топтық және жеке жұмыстар ұйымдастырылады. Барлық психологиялық жұмыстар баланың жас ерекшелігіне қарай жүргізіліп, хаттама жазылып, жұмыстарды есепке алу журналына тіркеледі. Психолог жұмысының негізгісі аутодеструктивті іс әрекетті жұмыстарды алдын алу бойынша топтық жұмыстар; Ағаш, Кактус, Қолтырауын әдістемелері, Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі, Зунгтің «Депрессияны анықтау шкаласы», Айзенгтің «Тұлғаның жеке ерекшеліктері» тесті, Мазасыздану және депрессияны анықтау шкала тесті, түрлі бағыттағы құқық бұзушылықта анықтау сауалнамасы, жеке оқушылармен «Жаңбыр астындағы адам», «Түрлі түстер», «Отбасы портреті», «Табиғатта кездеспейтін жануар бейнесі» сонымен қатар түскен сұраныс мақсатына қарай түрлі тесттер жеке алынады. Оқу процесіне қатысты баланың танымдық деңгейін анықтау және дамыту, интеллектуалды ақыл ойы мен білім білік дағдыларына «Дарынды және қабілетті оқушыларды» анықтауға диагностика жүргізіліп, нәтижесі бойынша педагогтар мен жетекшілерге әдістемелік көмектер ұсынылады. Оқушылардың ортаға бейімделуіне қатысты психологиялық жаттығулар, тренингтер жүргізіліп, ата аналарына кеңестер ұсынылады. Мамандық таңдау бойынша Климовтың «ДДЧ», Голбенің «Қызығушылық картасы» және тренингтер: «Мамандықтар әлеміне саяхат», «Мен таңдаған мамандық», «Арман және кәсіптің көп түрлілігіне байланысты психологиялық танымдық сабақтар ұйымдастырылады.

Мектепте «сенім телефоны мен сенім жәшігі» бар, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Сонымен қатар жас маман иелері мен педагогтарға да және ата аналарға психологиялық көмек пен қолдау жұмыстары, ұйымдастырылады. Алдын алу профилактикалық жұмыстар бойынша: Кибербуллинг, Буллинг, интердерттің зияны мен пайдасы, ерте жүктілік пен зорлық зомбылық алдын алу жолдары, аутодеструктивті іс әрекетті, құқық бұзушылықта болдырмау тақырыбында бейнесабақтар, презентациялар, кеңестер, бағыт бағдарлар жіберілді.

Қыркүйек айында: аталған оқу жылдарында арналған жылдық жоспар жасалып бекітілді, соған байланысты айлық жоспар жасалды.

Психологиялық жұмыстарға арналған материалдар жинақталып реттелді. Әр буын бойынша оқушылармен жүргізілетін әдістемелер, сауалнамалар жаңартылып, толықтырылды.

Оқу жылының басында мектепке тартылған оқушыларға жеке папка арналып, оған жыл бойы алынған диагностикалық және түзету – дамыту жұмыстарының нәтижесі салынып, отырады.

1. Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.

2. Педагогтармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
3. Аутодеструктивті жағдайлар мен жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез – құлқын анықтау және оның алдын алу жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
4. Девиантты мінезді балалармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
5. Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
6. Салауатты өмір салты жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
7. Оқушылармен педагогтармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
8. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жылдық жоспар жасалынды.
9. «Сыр мен Сымбат» қыздар жиналысы бойынша жылдық жоспар жасалынды.
10. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жылдық жоспар жасалынды.
11. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жылдық жоспар жасалынды.
12. «Сыр мен Сымбат» қыздар жиналысы бойынша жылдық жоспар жасалынды.
13. Үйден оқытылатын оқушыларға жылдық жоспар жасалынды.
14. «Бестерек» жобасы аясында жылдық жоспар жасалынды.
15. «Мектептерге арналған PISA» негізгі зерттеуіне психологиялық қызмет бойынша қолдау, сүйемелдеу жұмыс жоспары жасалынды.

Жоспарларға сәйкес мынадай іс-шаралар жүргізілді.

Бестерек жобасы аясында жоспарға сәйкес кабинеттік және далалық зерттеулер жүргізілді. Зерттеу қорытындысы бойынша тәуекел тобының қызыл, жасыл, сары топтары анықталып, анықталған оқушылармен жеке-дара жұмыстар жүргізіліп отырды. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жоспарға сәйкес 8-9 сынып қыздарының арасында «Ерте жүктілік несімен қауіпті», «Жат қылықтың қыз тағдырына әсері», «Қазақ қызы қандай болу керек», «Ерте жастағы жүктіліктің салдары» т.б тақырыптар бойынша түрлі жиналыс, тренинг, кеңес, баяндамалар, видеобейне, сауалнама, шағын лекция түрінде өткізіліп тұрды.

Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары бойынша ата-аналар жиналысында «Баланың басты ұстазы-ата-ана», «Менің балам қандай?» «Ата-ананың алақаны-балаға айдынды қоныс» т.б тақырыптарда баяндама, кеңес, ұсыныс, тренингтер өткізілді. Ата-аналарға балаларынан алынған тест нәтижелерімен таныстырылды.

2023-2024 оқу жылында денсаулығына байланысты үйде оқыту жұмыстары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығының негізінде Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 27, 4 қосымшалары және Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2023 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 9, 55, 56 қосымшалары негізге алынып ұйымдастырылды.

№14 негізгі орта білім беретін мектебінде 1 оқушы:

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған оқу бағдарламасымен 3«Ә» сынып оқушысы Нышанәлі Азамат оқытылып жатыр.

Жеңіл ақыл-ой кемістігімен				
№	Білім беру салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны	Жалпы жүктеме, сағат	
		3	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент				
I	Тіл және әдебиет	3	3	102
1	Әліппе, Ана тілі	-	-	-
2	Қазақ тілі	1	1	34
3	Оқу және тіл дамыту	1	1	34
4	Орыс тілі	1	1	34
II	Математика	2	2	68
5	Математика	2	2	68
III	Жаратылыстану	0,5	0,5	17
6	Айналадағы әлем	0,5	0,5	17
V	Технология	0,5	0,5	17
7	Қол еңбегі	0,5	0,5	17
8	Жалпы еңбекке даярлау	-	-	-
Инварианттық оқу жүктемесі		6	6	204
Түзету компоненті				
Жеке дамыту сабақтары		2	2	68
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		8	8	272

Ескерту: Білім алушының жеке мүмкіндіктері мен мұқтаждығына қарай сағаттардың орындарын ауыстыруға және дәрігердің келісуімен мектепте өткізілетін сабақтарға қатысуға болады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" және "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курстарының іске асырылуын зерделеу;

«Өмір қауіпсіздігі негіздері» міндетті оқу курсының оқытылуы туралы.

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандартына сәйкес 2 – қосымша, 25 - тармақ, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 3 – қосымша, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 4 - қосымша, 50 - тармақ «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілді, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б.) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылды.

Оқыту процессі кезінде жүргізілетін және міндетті болып табылатын «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнын инвариантты оқу пәндерінің аясында жүргізілді және күнделік кз.порталына енгізілді.

Осыған байланысты «ӨЖ» курсын оқыту:

- 1 - 4 – сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-ші сыныптарда -10 сағат, бастауыш сынып мұғалімдерімен жүргізіледі;
- 5 - 9 – сыныптарында – 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен денешынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

«Өмір қауіпсіздігі негіздері» сабақтары өткізілуі міндетті және оқу уақытына сай өткізіледі.

Мектептің қауіпсіздік талаптарын орындау педагогикалық ұжымның міндеті болып табылады.

Сондықтан мектептің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оқутәрбие үдерісіне қажетті жағдай жасау, білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында жыл сайын (жылына 2 - 3 рет - қыркүйек, наурыз) оқу жаттығу сабақтары төтенше жағдайлар қызметкерлерінің қатысуымен әңгімелесулер жүргізіледі. Жүргізілуі міндетті курстар: 1-4-

сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі.

Оқу курсының мазмұнын 1- 4сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1- 3сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. 5-8 сыныптарда 10 сағат көлемінде тәрбие сағаттарына кіріктіріліп оқытылады.

Инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінде өлшемшарттар:

білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы.

2023-2024 оқу жылында: 1 сыныптарда 19,5 сағат, 2 сыныптарда 24 сағат, 3-4 сыныптарды 26 сағат, 5 сыныптарда 28,5 сағат, 6 сыныптарда 28,5 сағат, 7 сыныптарда 31,5 сағат, 8 сыныптарда 32,5 сағат, 9 сыныптарда 34 сағат.

Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

Мектепте бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі (1, 2, 3, 4 сыныптар) - 4 жыл, негізгі орта білім берудің оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі (5, 6, 7, 8, 9 сыныптар) - 5 жыл

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының» 2 – қосымша 73- тармағы, 3 – қосымшаның 96тармағы, 4-қосымшаның 99-тармағына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының» 2 – қосымшаның 46- тармағы, 3- қосымшаның 62 -тармағы, 4-қосымшаның 56-тармағына сәйкес.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының

ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2023 – 2024 оқу жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5 бабының 38 тармақшасына сәйкес әзірленген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2023 жылғы 4 қазандағы №33501 болып тіркелген «Орта білім ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығы, Түркістан облысының білім басқармасының 2023 жыл 6 қазандағы №40-01- 04/7395 хатын және Келес ауданының білім бөлімінің 09.10.2023 ж.күнгі №230- 19/02-03/1166 санды хатын негізге ала отырып;

Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан 2023 – 2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды.

2023 - 2024 оқу жылының басталу мерзімі 2023 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленсін;

Оқу жылының ұзақтығы 1 - сыныптарда - 35 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда - 36 оқу аптасы. Оқу жылы барысындағы каникулдар: 1) 1 - 9сыныптарда: күзгі каникул - 7 күн (2023 жылғы 30 қазан - 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы - 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі - 11 күн (2024 жылғы 18 - 26 наурызды қоса алғанда); 2) 1- сыныптарда 7 күн мерзімде (2024 жылғы - 5-11 ақпанды қоса алғанда) қосымша каникул белгіленеді;

ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2-қосымшасының 74-76 тармақтары, 3-қосымшасының 97, 98 тармақтары, 4-қосымшасының 100, 101-тармақтары,

ҚР Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары» 1, 6, 27, 29, 99, 100 қосымшаларына сәйкес келеді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2 қосымшаның 47, 48, 49 тармақтары, 3 - қосымшасының 63, 64 тармақтары, 4 - қосымшасының 57, 58 тармақтарына сәйкес.

5)Оқу материалдық активтер.

Мекеме ғимараты Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің №14 негізгі орта білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Адамдар кіретін және көлікке арнайы есік орнатылған, ауласы көгалдандырып, қоршалған. Мектеп ауласының қорғаны темір қоршаумен бекітілген.

Жазғы спорт алаңы (футбол және волейбол) алаңдары қарастырылған. Мектеп ауласында тұрмыстық қалдықтарға арнайы орын қойып үш жағынан қоршалып, мектеп ғимаратынан алшақ жерде темірден жасалынған қақпағы бар қоқыс жинағыш қойылған. Жиналған қоқысты шығаруға келісім шарт бар. Мектеп ғимаратының А корпусы 2005 жылы, Б корпусы 1971 жылы салынған, сыйымдылығы бойынша 140 орынға арналған. Мектептің жалпы алаңы 0,4217 га пайдалы мектеп алаңы 268,7 м2

Мектеп ғимаратындағы медициналық пункті 1 бөлмеден тұрады: қабылдау және ем шара бөлмесі.

Күнделікті медициналық көмек көрсетуге арналған құрал жабдықтармен және дәрі - дәрмектер жиынымен қажетті мөлшерде жабдықталған. Ем шара бөлмесінде препараттарды (МИБП) сақтау үшін 1 тоңазытқыш қойылған. Медициналық стол, шкаф, кушетка, және жұмыс столы орындықтармен жабдықталған. Стерильді мақта салынған бикс және 70 % этиль спирті, 1 перекись водорода ерітіндісі бар. Бір реттік стерильді перчатка, шпательдер, термометр, тонометр қарастырылған. Пайдаланылған заттарды залалсыздандыруға арналған ыдыс бар. Дезинфекция препараттардан «Деохлор» қолданылуда. Қоры жеткілікті. Есептік журнал жүргізілуде. Қол жууға арналған қол жуғыш,бір реттік сүлгілермен қамтамасыз етілген. Медициналық қызметкерлер 1 жүктемеде, кезекті медициналық байқаудан өтіп, жұмысқа арнайы рұқсаты бар. Жұмыс киімдерімен қамтылған. ҚР Денсаулық Сақтау министрінің «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 7 сәуірдегі №141 бұйрығына сәйкес келеді, медициналық қызметтің лицензиясы бар қалалық поликлиникамен шарты бар. Медкабинетке лицензия берілген лицензия нөмері №23013360.Мектепте ай сайын дезинсекция, дератизация, дезинфекция, СНУ жасалып тұрады. Жасалған актілері бар. Құжат қосымша тігілген. Медбике бөлмесінде бір жылжымалы бактерицидті лампа, бір рециркулятор лампасымен қамтылған.

6) Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Кітапхана - Оқу тәрбие процесін әдеби-ақпараттық қамтамасыз ететін мектептің құрлымдық бөлімшесі болып табылады. Кітапхананың жұмысы мектептің дамуының негізгі бағыттарымен ұстасып жатады. 2023-2024 оқу жылы.

Оқу жылының басында мектеп кітапханасына 2 сынып оқулықтары түгел ауысып, жаңа кітаптар келді. 5-8 сыныптарға Абайтану оқулықтары, сұраныс бойынша жетіспейтін оқулықтар берілді. Жалпы 1-9 сыныптар түгел оқулықтармен 100% қамтылды.

2023-2024 оқу жылы бойынша статистикалық есеп:

	Көрсеткіштер	Саны
1	Мектеп кітапханасының саны	1
2	Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиетті, кітапшаларды, журналдарды қосқанда)	5526
3	Оның ішінде мектеп оқулықтар саны	4151
4	Көркем әдебиеттер саны	912
5	Оқырмандар саны	186
6	Кітапханаға оқырмандардың келу саны	1674
7	Кітап беру саны	3348
8	Кітапханашылар саны	0,5
9	Оқу залының саны	0
10	Оқу залында отыратын орын саны	0
11	Кітапхана ауданы/шаршы метр/	36

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу. Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, отбасының қатынасты және ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру. Кітаптың құдіретін таныту. Сонымен бірге кітап қорын толықтыру, оқу мәдениетін қолдау, тарихимәдени және рухани мұрамызды сақтау, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалана отырып, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын, ой-өрісін дамыту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Атап айтатын болсам: 30 тамыз Қазақстан Республикасының конституция күніне орай кітапханада «Мен өз елімнің патриотымын» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

12 қыркүйек Қазақстан тілдер мерекесіне орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Тіл-ақылдың көрнісі, бірліктің кілті» атты іс-шара болып өтті 11 сынып арасында.

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы ұлт азаттық қозғалысының жетекшілерінің бірі мемлекет қайраткері А.Байтұрсыновтың туылғанына 151 жыл атты көреме қойылды. Мұхтар Әуезов-көркем сөздің алыбы тақырып негізінде оқушыларды сауатты, дұрыс мәдениетті сөйлей білуге сөздік қорын молайту білімдерін дүние танымдарын дамыту.

25 қазан Республика күніне орай «Сүйем сені туған елім» атты сайыс сабағы 4 «А,Ә» Қараша айының 24.11.2023 ж. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Халқы сүйген қаламгер» Мұхтар Шахановтың 81 жылдығына орай іс-шара болып өтті.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44, 2022 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі – 100%.

№14 негізгі орта білім беретін мектебі 2023-2024 оқу жылындағы жылдық ТЖБ және білім сапасының қорытындысы

№	Пәндер	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1	Қазақ тілі	66,9	70	70	65,5	68,7	55	60,7	56
2	Қазақ әдебиеті				68,9	71,8	55	64,2	56
3	Әдебиеттік оқу	66,6	79,3	70					
4	Математика	73,3	70	85	68,9	68,7			
5	Алгебра						65	50	48

6	Геометрия						55	50	48
7	Жаратылыстану	76,6	75,8	70	68,9	71,8			
8	Дүниетану	86,6	79,3	75					
9	Ағылшын тілі		72,4	70	68,9	75	70	71,4	56
10	Орыс тілі		70	65	65,5	65,6	65	64,2	64
11	Информатика				75,8	68,7	65	67,8	56
12	Химия						65	57	56
13	Биология						65	60,7	56
14	Дүние жүзі тарихы				62	65,6	60	64,2	48
15	Қазақстан тарихы				72,4	68,7	70	60,7	56
16	География						60	60,7	60
17	Физика						65	60,7	76

2023-2024 оқу жылындағы мектеп бойынша білім сапасы

Мектеп бойынша білім сапасы	
I тоқсан	46
II тоқсан	43,7
III тоқсан	52,8
IV тоқсан	52,8
Жылдық	54,2

2023-2024 оқу жылындағы 9-сыныпта «Үздік» аттестат иегері

№	Аты-жөні	Үздік аттестат	Сыныбы
1	Бердібек Мереке	Үздік	9